

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

ақынның есімі мен сан алуан шығармашылығы мәңгілік халқымыздың рухани қазынасы болып қалады.

Қолданған әдебиеттер:

1. Жолдар. Жылдар., 85б., Алматы 1952ж.
2. Т.Молдағалиев. «Балдырған» 1973ж.
3. М.Әлімбаев. Көңіл күнделігі. Алматы, 1978

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ

А.Умбетова,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ф.ғ.к.,

Г.Шауенова,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, философия докторы (PhD),

Али Ерол,

Эгей университетінің Түркі әлемін зерттеу институтының докторы,
профессор

Ұлы даланың біртуар перзенті Абай туралы зерттеулер т.б. жарық көріп келеді. Абайтану ілімінің жолы, яғни туу, даму, қалыптасу кезеңі біртегіс, еш кедергісіз бола қойған жоқ. Абай шығармашылығының, ойшылдығы мен таным көкжиегінің орасан зор кеңдігі, бәрінен бұрын, қазақ елін бодандықта ұстаған Ресей патшалығын және оның бірден-бір заңды мұрагері болған кеңестік билікті айрықша үрейлендірді. Дала перзентінің зияткерлік және даналық өре-деңгейі бір ел ғана емес, тұтас әлем елдеріне өзгеше ренессанс әкелетіні анық болғандықтан, оның шығармаларын мейлінше бұғауда ұстау үдерісі біраз уақытты қамтиды.

Философия ілімінде дәстүр және жаңашылдық деген ұғымдар бар. Кез келген дәстүр, ең алдымен, жаңашылдық боп дүниеге келеді. Егер ол жаңа бір рухани шүйгіндікке жол ашып, барлық сала бойынша тың үрдіске алғышарттар жасаса, міндетті түрде дәстүр болып қалыптасады. Абай ұлылығы өзге саланы айтпағанда, бір ғана қазақ публицистикасына, – айтпақшы, бұл мәселе осы сала ғылымында терең зерттеле қоймағанын баса айтуға тиіспіз, – орасан зор өрлеу үдерісін әкелді. Нақтыласақ:

а) Абай шығармашылығындағы тереңдік пен ойшылдық философиялық, даналық сипаттарға;

ә) қазақ руханиятындағы бұрынғы тәуелсіздік аңсау идеясын жаңа уақыт аясында дамытуға;

б) XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің ірілі-ұсақты публицистикалық т.б. сипаттағы дүниелеріне, олардың биік зияткерлік деңгейде тууына алғышарттар жасады.

Абай дәуірінен соңғы уақытқа назар аударсақ, төмендегідей қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардың қалыптасқанын көрер едік:

1. Егер әдебиет тарихтың айнасы екендігіне ден қойсақ, елдің азапты тарихы оның әдебиеті мен публицистикасында жарық көрді.

2. Қазақ жеріндегі Семейде азаттық идеясы жаңа ақпараттық кеңістіктің тууына мүмкіндік берді.

3. Абай данышпандығынан бастау алған әдеби және публицистік дүниелер оқу-білім, ағарту және өмірдің барлық салалары бойынша тәуелсіздік идеясымен ұштасып, қанатын кеңге жайды.

Отарлаудың қанды қасабы ерекше қарқынмен дамығанын, соның нәтижесінде құлдық психологияның туа бастағанын аңғарған Абайдың:

*Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді зой деп шайтанға болды көмек [1,47] –*

деуі сол тұстағы нақты саяси хал-ахуалды көрсеткен.

Абай мұрасынан айрықша нәр алып, қанаттанған, сөйтіп ұлттың тәуелсіздігіне орай, ғаламат іс тындырған Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов т.б. қатарына Халел Ғаббасов та жатады. Мәскеу университетін үздік бітіріп, елге оралған ол қазақ жеріндегі ұлы оқиғаларға белсене араласады. 1917 жылы 21-28 шілде аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезіне Семейден делегат болып қатысады. Съезде мемлекеттік билік, облыстардағы автономия ісі, халықтық милиция, земство, учредительное собрание сайлауына дайындық, депутаттар сайлау, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне қатысу, қазақ партиясын құру сияқты мәселелер қаралды. Осы мәселелердің оң шешім табуына Х. Ғаббасов айрықша еңбек сіңірді. 1918 жылы дүниеге келген «Сарыарқа» газетінің ашылуына, аяғымен нық тұруына үлес қосты, газет бетіндегі дүниелердің өз мәнінде жариялануына бағыт-бағдар сілтеп, өзі де талай публицистикалық мақалалар жазуы – бәрі де осынау тұлғаның еңбегіне бүгінгі күн биігінен баға беруге мүмкіндік туғызады. Х. Ғаббасов «Сарыарқаның» ұйымдастырушысы әрі редакторы болды, ұлт санасына сілкініс пен серпіліс әкелген ірі қайраткер болды. Егер осы айтылғанды нақты тұжырымдармен түйіндесек, XX ғасырдың біз сөз етіп отырған кезеңі Абай өнегесі, Абайдың ағартушылық ой-пікірлері, Абай мұрасы арқылы мықты рухани шүйгіндікке ұласты да, ұлт тәуелсіздігінің тарихына алтын әріптермен жазылды дер едік.

Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Х. Ғаббасов 1918 жылдың 3-көкегінде кеңес үкіметі басшылығына төмендегідей жеделхат жолдайды:

«Согласно постановлению общекиргизского съезда 5-13 декабря необходимо немедленно объявить территориально-национальную автономию «Алаш», в состав которой должен войти области Семипалтинская, Акмолинская, Тургайская, Уральская, Сыр-Дарьинская, Ферганская, Семиреченская, Букеевская Орда, Мангышлакский уезд Закаспийской области, Аму-Дарьинской отдел Сыр-Дарьинской области, киргизы Бийского, Славягородского, Змейногорского уездов» [2, 121]. Осы жеделхат мәтінінің өзі-ақ Ә. Бөкейханов бастаған қазақтың ұлы перзенттерінің нақты іс-әрекеті қандай дәрежеде болғанын аңғартса керек. Қоғамдық, саяси нақты хал-ахуалды ақпарат көздерінен білудің маңызы зор. Абайдың ақын ізбасарлары және Алаш арыстары дегенде, олардың қазақ баспасөзі арқылы барша жұртқа жар салған публицистік еңбектерін баса айту парыз. Академик К.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» атты еңбегінде: «1913-1918» жылдардағы қазақ ұлттық баспасөзін танытатын «Қазақ» (Орынбор), «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент), «Алаш» (Ташкент), «Жас азамат» (Қызылжар), газеттері мен «Абай» журналы (Семей) беттеріндегі деректемелік материалдарсыз Алаш қозғалысының пайда болуы мен нақтылы қызметін, Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде алатын орнын тарихи шындыққа сай көрсету мүмкін емес. Бұл басылымдарда Алаштың қоғамдық қозғалыс болып қалыптасуы, оның саяси партия дәрежесіне көтерілуі, ұлттың саяси партия құрылған 1917 жылы шілдеде өткен бірінші Бүкілқазақтық съезд Алаш автономиясын жариялап, Алашорда үкіметін құрған 1917 жылы желтоқсанда өткен екінші Бүкілқазақтық съезд туралы түпнұсқалық маңызы бар деректер көптеп кездеседі», [3, 128] – деп жазуы да сондықтан.

Х. Ғаббасовтың сол тұстағы атқарған саяси қызметі, таным, көзқарасы – бәрі де баспасөз бетінде жарияланып тұрды. 1918 жылдың 28 қаңтарында «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Алаш автономиясы» мақаласында: «Қазақ-қырғыздың уақытша үкіметі – «Алаш-Орда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметімізді осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындауы керек. Жұрт жұмылуының белгісі осы», – деп жазады да, С. Торайғыровтың «Алаштың әнұраны» атты өлеңнен:

*«Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз!
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз,
Жасайды Алаш, өлмейміз,
Жасасын Алаш, жасасын!» [4] –*

деген жолдарды келтіреді. Атақты Алаш қайраткері, Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Х. Ғаббасов ұлт жетекшілерінің ұйғарымымен 1918

жылы көктемде телеграф арқылы Сталинмен келіссөз жүргізеді. Бір ескеретін мәселе мынада: сәл кейінірек НКВД тергеушісіне тұтқын ретінде берген жауабындағы сөздеріне назар аударсақ, оның өмірлік ұстанымын, берік тұғырнамасын байқаймыз.

«Біз 1918 жылы көктемде жергілікті Кеңестер бөлімінің іс-әрекеттерін айыптап, Орталық үкіметке арыздар жіберген едік. Себебі, олар барлық ұлттық мекемелерді жойып, зиялы қауым өкілдеріне қарсы репрессиялық шараларды кең түрде қолданған еді. Міне, осы арыздарға байланысты Мәскеуден телеграф арқылы келіссөзге шақырылды. Бұл кезде Бөкейханов қуғыннан Семейде жасырынып жүргендіктен, оған көзге түсуге болмайтын болды. Сондықтан Қазақ комитеті (Бөкейханов та қатысты) келіссөздер жүргізуді маған тапсырды. Келіссөз барысында Сталинге жергілікті Кеңестердің қызметін айыптаған мәліметтерді растап, Кеңес өкіметінің ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы декларациясына сәйкес тез арада сол идеяны жүзеге асыруын талап еттім.

Мен 14 пункттен тұратын талаптарды жеткіздім. Олар негізінен Совдеп таратқан қазақ мекемелерін қайта қалпына келтіру, Кеңес өкіметінің шеңберінде ұлттық автономия жариялау, тұтқындалған қазақ азаматтарын босату, т.б.

Сталиннің жауабы бізден Кеңес өкіметін мойындауымыз қажет деген арнада болды. Егер біздің талаптарымыз мойындалса, автономия жариялау үшін Құрылтай жиналысын даярлауға кірісу керек деп ескертті. Одан әрі ол Орынборда өткен II Жалпықазақ съезінің шешімдері Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының шеңберіне толық сәйкес келеді деген пікірін білдірді. Сонымен бірге жолдас Сталин облыстық Кеңеске Құрылтай съезін даярлауға және тұтқындалған азаматтарды босатуға бұйрық беруге уәде етті.

Осы келіссөзден кейін Сталинге Кеңес өкіметін мойындайтынымызды білдіріп, ал Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтерге Орталық үкіметте біздің өкіліміз болатыны жөнінде телеграф арқылы хабар жолдадық. Бұл телеграммалар Бөкейханов, Омаров, Мәрсеков, Ермеков, Сәрсенов және мен, Ғаббасов қатысқан Кеңестен кейін жолданған еді. Бұл келіссөздерді Алашорда кеңесінің іс-шараларының бірі ретінде қарастыру керек» [5], – деген жауабы көп нәрсені аңғартса керек.

Жалпы, Алашорда үкіметінің дүниеге келуіне, оның баянды болашағына түрлі басшылық қызмет атқарған Х. Ғаббасовтың сіңірген еңбегі зор. Осынау еңбегі үшін қуғын-сүргінді де бастан кешірді. Ел басына күн туған аласапыран, патшалық империяның ресми мұрагеріне айналған кеңестік Орталық биліктің шовинистік пиғылы, қазақ қауымының бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тығыз бірлікте болмауы – бәрі де небір сойқан сұрапылдың, жаппай репрессияның мықтап орын алуына алғышарттар жасаған еді. Және осынау бір жанталасқа толы кезең кімнің дос, кімнің қас екенін айыруға мүмкіндік берді. Қалыптасқан ауыр хал туралы Х. Ғаббасов төмендегіше жазған-ды.

«27 февральдан бері, сырттағы 4 жылға айналған сұрапыл соғыстың, іштегі саяси партиялар тартысының зардабынан мемлекет толқындағы қайықтай қалтылдап, жан мұрынның ұшына келерлік төңкерілме неше күйге ұшырады» [6]. Сондай-ақ «Мемлекет күйі» атты осы мақаласында автор: «Бостандық күнінен бері саясат ауасы әртүрлі құбылып өзгеруде болды: кешегі бүгін жоқ, бүгінгі ертең болмасқа айналды. Сол өзгерістің ыңғайына қарап, мемлекет арбасы да теңселіп, өмір жүзінде неше түрлі шимай салды» [6] деген тұжырым жасайды. Абай ұлылығын қараңыз. Ол: «Сократ хакімге у іштірген, Иван Густі отқа өртеген, Иса ғ.с. дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген, ол кім? Ол – көп. Ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» дегені баршаға мәлім. Абай көрегеннің «Единица кеткенде, не болады өңкей нөл» дегені де мәлім. Абай рухымен қанаттанған арыстар ел болашағына сенді, болашағынан күдер үзбеді, мына зұлым кеңестік империяның ерте ме, кеш пе тарих сахнасынан таятынына сенімді еді. Сол көп, ессіз тобыр өз соңына еруі үшін В.И. Лениннің бай мен кедей теңестіріледі, өктемдікке ұрынып, қналғандар теңдікке қол жеткізеді деген ұранмен «Жер туралы декрет», «Бейбітшілік туралы декрет» сияқты құжаттарды әзірлеп, қол қойғаны мәлім. Сөйтіп, көптің сеніміне ие болды. Большевик көсемдерінен алаш қайраткерлерінің зияткерлік өре-деңгейі әлдеқайда жоғары еді. Олардан қауіптенген кеңестік билік иелері алашордашыларға әу басында рахымшылық жасады, оларды түрлі салаларды дамыту үшін ұтымды пайдалана білді. Ал көптің сеніміне кіріп, соңына ерте алатын халге жеткен соң алашорда қайраткерлерін де, тіпті коммунистік идеяға жан-тәнімен берілгендердің көбін де құртып тынды. Жетпіс жылдан астам дәурен сүрген сол кеңестік империя Абай және Алаш тұлғалары айтқандай, бір оқ атылмай-ақ жер жастанды. Көкірегі даңғыл, ғылыми-танымдық әлеуеті жоғары оқырман «Серке», «Қазақ», «Сарыарқа» сияқты газеттердің БАҚ құралы болуымен қатар, Алаш қайраткерлерінің күрескерлік, саяси мінбесі болғанын да аңғарады. Және көбіміз жетпіс жыл бойы табынған кеңестік билік, Коммунистік партияның түпкі мақсат-мүддесін сол зобалаң уақыттың аясында ғұмыр кешкен алашшыл тұлғалардың дөп басып айтқанына таң қаласың. Х. Ғаббасовтың «Сарыарқада» жарияланған «Мемлекет күйі», «Большевик бүлігі», «Күш бірлікте», «Алаш автономиясы» т.б. көлемді де терең тағылымды мақалалары газет бетінде жарияланған Алаштың басқа да ірі қайраткерлерінің еңбектерімен үндес болғанын баса айту керек. Екі жылдай ғана шығып тұрған газет қазақ санасында саясат, экономика, әдет-ғұрып, құқық, тарих, философия, мәдениет пен өнер т.б. салалар бойынша өшпес із қалдырды. 1918 жылы өктемдік саясаты «Сарыарқа» мен «Абайды» жапты. Сәл кейінірек «Сарыарқа» «Қазақ тілі» деген атпен шыға бастады. Х. Ғаббасов, Ә. Ермаков т.б. алаш қайраткерлеріне С.Торайғыров «Таныстыру» атты поэмасын арнаса, М. Жұмабаев «Эпиграммалар» атты өлең жазды. С. Торайғыров шығармасында:

Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,

*Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба.*

*Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп миына ұққан.
Алданбас, алыс болжар, алдан көрер,
Болса да оған мәлім жерге тыққан.*

*Айлаға қарай біліп айла құрғыш,
Табады қайдан болса, содан ілгіш.
Бір іске тура илан құруына
Деуге болар Семейде осы білгіш [7, 302],—*

деген жолдар бар. Бұл – Х. Ғаббасовтай ұлт ардагерінің, Абайдың тәуелсіздік аңсаған ұлы идеясынан сусындаған, ірі саяси қайраткер, мықты публицист, қарымды ұйымдастырушы тұлғаға берілген шынайы баға еді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Ғаббасов (1930 жылы атылды), Ә.Ермеков, М. Дулатов т.б. ұлы тұлғалар саяси репрессияның құрбанына айналса да, олардың ең ұлы қызметі халқының шынайы ұлы ғана емес, шын мәнінде құлы бола білген патриоттығында, ұлтшылдығында еді.

Әдебиеттер:

1. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 2004. 1-т. -296 б.
2. Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг. Сборник документов. Автор-составитель Д.Аманжолова. –Караганда: изд. КарГУ, 2005. -598 с.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –Алматы: Ататек, 1995. -243 б.
4. Ғаббасұлы Х. Алаш автономиясы // Сарыарқа. -1918, 28 қаңтар.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты. 1494-іс. 315-316 парақ.
6. Ғаббасов Х. Мемлекет күйі // Сарыарқа. -1917, 25 қараша.
7. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Алаш, 1993. 1-т. -280 б.

СТОРИТЕЛЛИНГ КАК СОВРЕМЕННАЯ ФОРМА СКАЗИТЕЛЬСТВА

Ю.А.Демьянова,
докторант 2 курса ОП «Филология»,
А.Р. Насырова,
Магистрант 2 курса ОП «Журналистика»,
Вера Абишева,